

Цыстың цы күні – Жаурыз мерекесі құтты болсын!

# QAZAQ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№11 (1720)  
19 наурыз  
2019 жыл

# YUNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

## «Студенттік көктем-2019»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Студенттік көктем-2019» көркемөнерпаздар байқауы өтті. Оған он алты факультеттің студент-магистранттары қатысып, ақтық жарысқа 11 факультеттің аса талантты өнерпаздары іріктеліп алынды. Жастар би, ән-күй, әртүрлі аспапта ойнау шеберлігі, музыка, театр бағыттары бойынша бірі-бірімен бақ сынасты.

Өнерлі студенттердің шығармашылығына қазылар алқасының мүшелері – ҚР мәдениет қайраткері, хореограф Раушан Бекжанова, әнші Тахмина Әшімбаева, әнші Сая Махамбет, қоюшы режиссер әрі хореограф Төлеген Қуаныш, «Ұлытау» тобының домбырашысы, халықаралық және республикалық байқауларының жеңімпазы Рүстем Баскеев, композитор әрі халықаралық және республикалық байқауларының лауреаты Канат Әмірханов баға беріп төрелік жасады.

«Өнер әлемінің көктемі» атты «Студенттік көктем – 2019» көркемөнерпаздар байқауында студенттер «Ең үздік вокал», «Ең үздік би», «Ең үздік актерлік шеберлігі», «Ең үздік аспапта ойнау шеберлігі» номинациялары бойынша өнер көрсетіп, сайысқа түсті.

Жыл сайын өткізілетін бұл байқау жастарды музыкалық-театр өнері құндылықтарына баулу арқылы, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін, шығармашылығын нығайтуға бағытталған. Ал, бұл өз кезегінде студенттік фестивальдің сапасын көтеріп, жоғары сатыдан көрінуіне септігін тигізетіндігі анық.

Жалғасы 8-бетте

## ҚХА САРАПШЫЛАРЫ АЛДЫНДАҒЫ ЖАҢА МІНДЕТТЕР

Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі Жансейіт Түймебаев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ҚХА кафедралық ғылыми-білім беру орталығы ғалымдарымен және Алматы қаласының ҚХА ғылыми-сарапшылар тобының мүшелерімен кездесті.



Іс-шараға ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, ҚХА кафедралық ғылыми-білім беру орталығының ғалымдары, ҚХА ғылыми-сарапшылар тобының мүшелері, Ассамблея кафедраларының басшылары, этносаралық қатынастар саласындағы сарапшылар қатысты.

Жансейіт Түймебаев өз сөзінде университет негізінде Ассамблея үшін маңызды іс-шараларды өткізгені үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға алғысын білдірді.

ҚХА Төрағасының орынбасары күн тәртібін ескере отырып, әрбір қазақстандықтың елдегі қайта құру үдерістеріне байланысын қалыптастыру бойынша жаңа тәсілдерді әзірлеуге ҚХА ғылыми-сараптамалық құрамын тартудың маңызды болып табылатынын атап өтті.

Жансейіт Түймебаев ҚХА қызметін ғылыми-сараптамалық сүйемелдеудің негізгі міндеттеріне тоқталды. Атап айтқанда, ҚХА FCK және FCT мүшелерінің қызметінің болашақтағы екі бағытын ерекше атап өтті. Ең алдымен, ғылыми қауымдастық оқиғалардың даму үрдісін болжап, шұғыл жұмыс істеуге, кемшіліктерді байқап, келеңсіз жайлардың алдын алуға тиіс. Екінші бағыт – ҚХА жұмысын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Ол үшін проблемалық мәселелер бойынша әлеуметтік ғылымға негізделген зерттеулер, оның ішінде әлеуметтік өлшемдер негізінде жасалған зерттеулер қажет екендігін атап өтті.

ҚазҰУ ректоры «Қазақстанның басты ұраны – бұл қоғамдық келісім мен тұрақтылық, мәдениетаралық диалог. Аталмыш модель бүгінгі күні этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарға тап болған көптеген елдер үшін үлгі болып табылады. Осы орайда ҚазҰУ-да құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының кафедралық ғылыми-білім беру орталығының мақсаты – университет кафедраларының қоғамдық келісім және қауымдық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға, жалпыұлттық саяси

тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми-білім беру және тәрбие қызметін атқару болып табылатындығын ерекше атап өткім келеді», - деді Ғ. Мұтанов.

Философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова «Факультет академиялық және ғылыми-зерттеу саласындағы этномәдени орталықтармен және дипломатиялық өкілдіктермен белсенді жұмыс жасайды. Бүгінгі кітап көрмесінде диаспорология, конфессияаралық келісім, этнополитика, этнопедагогика және этнопсихология бойынша зерттеу нәтижелері ұсынылып отыр. Сонымен қатар Университет 4.0 жобасының мақсаты – білім мен қатар рухани байлық, адамгершілік, өзге ұлт өкілдеріне деген құрмет сынды қасиеттерді студенттердің бойларына сіңіруге бағытталғанын ерекше айтқым келеді», - деді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының меңгерушісі, ҚХА кафедралық ғылыми-білім беру (тәрбие) орталығының директоры Гүлнар Насимова жиын жайында «Университет жанындағы 2016 жылдан бастап жұмыс жасап келе жатқан аталмыш орталық әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы кафедраларының базасында жұмыс істейді. Орталық монографиялар шығарылымы мен оқу жұмысы, жаңа пәндер әзірленіп оның оқытылуы сынды бағыттар бойынша жұмыс істейді Сонымен қатар Биыл біздің университетте "Конфликтология" жаңа мамандығы ашылды. Бір жылдан кейін алғашқы кәсіби конфликтологтар, медиаторлар ҚХА құрылымдарында жұмыс істейді деп ойлаймыз. Университет мақсат ол білімді әрі білікті маман даярлау», - деді.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,  
саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының  
1-курс магистранты

Жалғасы 2-бетте

## ҒЫЛЫМҒА ІЛГЕРІ ҚАДАМ

ҚазҰУ-дың кезекті ректорат мәжілісі  
мараттаулармен басталды.

Көпжылдық және адал еңбегі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін дамытуға қосқан үлесі үшін «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» күміс медалмен физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының профессоры, химия ғылымдарының докторы Жаксынтай Қайырбекұлы Қайырбеков пен көпжылдық және адал еңбегі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін дамытуға қосқан үлесі үшін «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» күміс медалмен плазма физикасы және компьютерлік физикасы кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Юрий Архипов марапатталды. Сонымен қатар, Астана қаласының әкімі «Global Silk Road» Жібек жолы елдері қалалар басшыларының форумын өткізуге қосқан үлесі үшін халықаралық құқық кафедрасының профессоры Кәрімжан Шәкірова алғыс хаты табысталды. Жағымды жаңалық жалғасын адам ресурстары және архив басқармасының басшысы Айнура Мадиярова жалғап, QS WUR by Subject рейтингісінің қорытындысы бойынша бұйрықпен таныстырды. Оның негізінде ең жоғары көрсеткішке ие болған факультеттер мен декандарға және декан орынбасарларына сыйақы табысталаыны туралы хабардар етті.

Жалғасы 2-бетте

АДАЛ БОЛ –  
АДАМ БОЛ




2-бет

«ELSEVIER DAY»  
В КАЗНУ



3-стр.

"ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ"  
ГАЗЕТИНІҢ НАУРЫЗ  
КӨЖЕСІ



6,7-беттер

# ҒЫЛЫМҒА ІЛГЕРІ ҚАДАМ



белсенділігі өсіп жатыр. Мысалы, институт қызметкері Ж. Молдабеков докторлық жұмысын Германияда қорғап, өз біліктілігін университетте арттырып жүрген постдокторант. Бұл институтта бакалаврдан студентті ғылымға баулып, зерттеумен шұғылданып, маман ретінде қалыптасуына барлық жағдай жасалған. Үш зертхана күрделі жөндеуден өтіп, соңғы заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Әрі осында тек бір факультет емес, химия, биология мамандығының студенттері де зерттеу жұмыстарына тапсырып беріп, сәтті жұмыс жасап келеді. Ал жаңа іске қосылатын бірнеше зертхананың салтанатты ашылуы ағымдағы жылдың маусым айына жоспарланып отыр. «Бұл зерттеу институтының жұмысы мен қол жеткізген нәтижелері өзге институттарға үлгі бола алады», - деді университет басшысы Ғалым Мұтанов. Тақырыпты Ашық түрдегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана директоры Мұхит Мұратов жалғай түсті. Қазіргі таңда нанотехнология ең қарқынды дамып келе жатқан ғылым саласы. Жасалған зерттеу жұмыстарының барлығы ғылымның дамуына орасан зор ықпал етіп, тұрмыста өз нәтижесін беріп келеді. Институтта 35 докторант, 23 магистрант пен 33 бакалавр студенттері өздерінің ғылыми қызметін атқарып жатыр.

Университетте арнайы кең көлемді жұмыс орны беріліп, жөндеуден өтіп, жанартылып, жабдықталған зертхана жас ғалымдардың жана идеяларын іске асыруға, зерттеу жүргізуге мүмкіндік беріп отыр. Мұндай зерттеу институттары алдағы уақытта халықаралық байланыстарды арттырып, шетелдік мамандармен бірлескен ғылыми жобаларды қолға алуды көздеп отыр.

Мәжілісте жылдағы дәстүрлі түрде өтетін «Тазалық апталығы» туралы «Парасат» жергілікті ҚазҰУ қызметкерлерінің кәсіподақ төрағасы Талғат Мекебаев хабарлама жасады. Биыл тоғызыншы рет өтетін тазалық апталығы 18 наурыздан бастау алады. Апталық «Үздік кафедра», «Үздік факультет», «Үздік құрылымдық бөлімше», «Үздік оқу корпусы» және «Үздік жатақхана» номинациялары бойынша өтеді. Нәтижесін 8-10 сәуір аралығында анықтап, жалпыуниверситеттік наурыз тойында марапаттайды. Байқаудың мақсаты: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кафедралары, факультеттері, оқу корпусы, жатақханалары мен құрылымдық бөлімшелерін жұмысқа және оқуға ең ыңғайлысы мен тазасын анықтау.

Еңлік АҚЖИПТ

## QYSQA-NUSQA

**Ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-да J. Jiembraev атындағы қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты мен Алматы қаласының Jasyл экономика басқармасының бірлесе уымдастырымен қоғамдық кеңес өтті.**

Аталмыш kezdesyde Ал-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Tehnopark аймағын abbtandyry мен alma baғын qury barysy talqylandy. Qoғamdyq keñeske QazUУ-dyn ekonomikalыq және öndiristik мәseleler jönindegі prorektory Hakimjan Malaev, J.Jiembraev атындағы qazaq өсімдіктерді qorғау және карантин ғылыми-зерттеу институтын бас jobalayshy Anna Koroleva мен b.g.k orman және jasyл jelekterdi qorғау jöindegі maman Nurjan Muhamediev qatysty. Jәне de Алматы qalalyq atqarыshy organdyary мен qoғam belsendileri öz pikirlerini айтты.

QazUУ аймағындағы ағаштарға жүргізілген zertteу nätjeleri бойынша 12 myñ түр ағаштың 115 ағашы апаты жағдайға байланысты samitarlyq yorqydy qajet etedi. Sondar-aq jasyл jelekterdi orman patologualыq jaғдайын jaqsarty ұshin biologualыq preparattardy qoldana otyryp öndeу жүргізіу керекtiгі айтлды.

Tehnopark aldyндағы аймақты abbtandyry, sändik butalar мен qatar Алматы qalасынyñ imidjin qoldaу maqsatynda 280 jyyq aporrt almasy және басqa da jemis aғashтары otrygyzylady.

QazUУ-dyn ekonomikalыq және öndiristik мәseleler jöindegі prorektory Hakimjan Malaev «Аталмыш joba UI Green Metric Ranking of World Universities» jobасын жүzege asyry biologua, medısına fakultetiniñ stýdentteri ұshin täjiribe jinaqтайтын орын sанын кеñeitiр arttyryға öz ülesin qosатын joba»,-dedi.

\*\*\*

**Mehanika және matematika fakýlteti mehanika kafedrasy «Garyshytyq tehnika және tehnologua» mamandyғыnyn stýdentі Roland Pilpanı (4 kыrs) және Esenjol Margulan (magistrant, 1- kыrs) «Taiburyl» qoғamdyq birlestiginiñ stipenduasyn jeñip aldy!**

2018 jyldyñ qarasha айында «Taiburyl» qoғamdyq birlestigi «Bilim berydi qoldaу» baғdarlamasy бойынша «Qazaqstannyn Damý Bankı» AQ-nyñ «Täjiribe» qaiyrymdylyq jobасын jarıalady.

Baiqaýdyñ maqsaty elimizdiñ tehnikalyq mamandyqtarynyn talantty túlekterine және stýdentterine qoldaу көrsety, kásiptik - tehnikalyq bilim berý mártebesin köterý bolyp tabylady.

Baiqaýға tehnikalyq mamandyqtar бойынша oqyған elimizdiñ joғary oqy оryndarynyn túlekteri мен stýdentteri qatysty. Nätjesinde 15 stýdent osy baiqaýda jeñimpaz atandy. Olardyñ ishinde mehanika kafedrasynyn 4-kыrs stýdenti Roland Pilpanı мен 1-kыrs magistranty Esenjol Margulan da bar.

«Taiburyl» qoғamdyq birlestiginiñ <http://taiburyl.kz/> saitynda jarıalangan aqparatqa sáikes jeñimpazdar Qazaqstan Respyblikasynyn aldyńғы qatarly öndiristik kompanialarynda täjiribeden öty ұshin 6 ай бойы stipendua алатын болady.

Mehanika kafedrasy

\*\*\*

**Ал-Фараби атындағы ҚазҰУ дástúrli Koreia тарихы attы saısy ötti.**

Ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Korei aptalyғы bastaldy. Dástúrli is-sharalar "Biz Koreia týraly ne bilemiz?" taqyryben bastaldy. Jyl saıyn joғary kыrs stýdentteri arasynda Korei тарихы бойынша jarys ötkiziledi. Osy jyly Qıyr Shyғыs kafedrasynyn Korei bölimine 47 stýdent qabyldandy. Mundai jyntyq Korei bölimine biraz yaqyt aralyғыnda bolmaған. 1 kыrs stýdentterdiñ barlyғы Korei тарих negizderin jetik meңgergen. Aldaғы yaqyтта mamandandyrylyу ár túrli kezenderde тарихı damýnyn kóp ғasyrlyq тарихы Korei түbeginiñ. Is-sharany uymdastyrған kafedраныñ aға-oqytshylary Tashkenbaevoi B. J., Pak T. N., Kydyrbaevym B. M. Qarjylandyry, Koreiadan shaqyrtylan professor Li Beng Djo.

Bul baiqaýdyñ дайындалыу kezdeisoq emes, öitkeni qazirdiñ özinde úsh ай Qazuy stýdentterine aldaғы yaqyтта öz bilimін Koreia Respyblikasynyn Ulttyq тарих институтында Halyqaralyq baiqaýында joғary deңgeide көrsetyti тиis.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Жастар жылы аясында «Адал бол - адам бол!» атты сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттік форум өтті. Оған Алматы қаласының 38 жоғары оқу орындарының студенттері мен жастар өкілдері қатысты. Іс-шараны ҚазҰУ ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Департаментімен, «Саналы ұрпақ» және «Адалдық алаңы» жобалау кеңселерімен бірлесіп ұйымдастырды.**

## АДАЛ БОЛ – АДАМ БОЛ!



бастамалармен және жобалармен алмасты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Саналы ұрпақ» студенттік клубының жетекшісі Луиза Байжанова «Сыбайлас жемқорлықтан тыс университет» жобасын іске асыруға жастардың қатысуы туралы айтты.

ҚазҰУ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктер мен технологиялардың және кез келген бейпарасаттылық көріністерге төзбейтін органы нығайтудың тұтас кешені енгізілген. Университетте оқытушылар мен қызметкерлердің корпоративтік мәдениет кодексі, жоғары этикалық талаптар мен мінез-құлық стандарттары бар Студенттердің арналық кодексі жүзеге асырылады. Әлеуметтік серіктестік негізінде студенттер Академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қоғамдық бақылау үшін тартылған. Білімді тәуелсіз бағалау, жатақханалардағы орындарды әділ бөлу және т.б. сандық технологиялар мен "УНИВЕР" ашық корпоративтік электронды жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. ҚазҰУ жоғары оқу орындарының ішінде бірінші болып адалдық дүкенін ашты. Студенттер «Керемет» қызмет көрсету орталығында «бір

терезе» принципі бойынша 500-ден астам қызмет түріне қол жеткізе алады.

G38 қалалық студенттік ұйымының көшбасшысы Алмагүл Жайылханова әділ парасатты қоғамның - сыбайлас жемқорлықсыз қоғамның құрылысы толық жастарға байланысты екенін атап өтті. «Елбасының бастамасымен 2019 жыл Жастар жылы деп жарияланды. Біз өз болашағымызды парасаттылық, еңбексүйгіштік, ақыл-ой және талант жастар алдында үлкен перспективалар, мойындау және өмірдің ең жақсы сапасын ашатын қоғаммен байланыстырамыз. Бізге жоғары құқықтық және адамгершілік ұстанымдары бар еліміздің жоғары кәсіпқойлары мен парасатты азаматтары болады деп үлкен үміт артылады», - деп атап өтті ол.

Форум сонында қатысушылар еліміздің студенттік жастарын Академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға және ЖОО-да кез келген теріс пиғылды тәжірибеге нөлдiк төзбеушілік атмосферасын құруға шақырды!

Өз тілшімізден

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Токио университетінің (Жапония) студенттеріне «Қазақстан Ұлы Жібек жолы бойында» атты ғылыми-тәжірибелік семинар өтті.**

## ТОКИО УНИВЕРСИТЕТІМЕН СЕМИНАР



Ғылыми-тәжірибелік семинар Жапония мен Қазақстан арасындағы Ұлы Жібек жолындағы ынтымақтастықты дамыту мен мүмкіндіктерді талқылау үшін ұйымдастырылды. Жапон оқытушылары мен студенттеріне арналған ғылыми-практикалық семинар ҚазҰУ сыртқы академиялық қатынастарды жүзеге асыру бағдарламасы және Токио университетімен келісімге сәйкес өткізілді.

Ис-шара барысында Токио университетінің оқытушылары мен студенттері халықаралық аренадағы Қазақстанның «көп векторлы» сыртқы саясатының ерекшеліктерімен, «Жаңа Жібек жолының» тұжырымдамасын дамытуға қосқан елеулі үлестерімен және де Қытайдың жетекші «One Belt One Road» стратегиясының аймақтағы экономикалық, әлеуметтік және білім беруді дамытудың болашағына әсерімен танысты. Қатысушылар сондай-ақ Ұлы Жібек жолы бойынша ынтымақтастықты дамытуға және әртүрлі жобалар бойынша, әсіресе инфрақұрылымдық жобалар бойынша Жапониямен ынтымақтастық мүмкіндігін талқылады. Бұл курс қысқа мектеп және «Аймақтану: Орталық Азияның саясаты, экономикасы және мәдениеті» бағдарламасы аясында өткізіледі және Қазақстанда далалық зерттеулерді қамтиды.

Ашылу салтанатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры,

профессор Мұхамбетқали Бүркітбаев Токио университетінің және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің бірлескен жобаларына арналған Жапония мен Қазақстан арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықты талқылады. Токио университетімен ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың жемісінің бірі Қазақстан үшін «Наноспутник» құрудың заманауи жобасы болды. Ол сондай-ақ ҚазҰУ мен Токио университеті арасында академиялық және білім алмасуды дамыту мәселелерін талқылады.

Пан Ги Мун атындағы Тұрақты Даму Институтының директоры, «Орталық Азия республикалары» және «Орта Азиядағы тұжырымдамалық Атлас» атты американдық университеттер үшін шығарылған кітаптар мен оқулықтардың авторы, профессор Рафис Абазов қысқа мектептің оқушыларына

дәріс оқып, семинар мен ынталандырушы интерактивті пікірталастар өткізді. Күн тәртібінде Қазақстанның Ұлы Жібек жолындағы саясаты, Қазақстан мен Жапония арасындағы Ұлы Жібек Жолының тұрақты дамуына арналған технологиялық, білім беру және ғылыми-зерттеу ынтымақтастығы талқыланды.

Презентация барысында қонақтар Қазақстан үкіметінің құрылымы мен қызметімен, сондай-ақ Ұлы Жібек жолындағы саясатымен танысты. Семинар барысында Токио университетінің студенттері Жапонияның Ұлы Жібек жолындағы рөлі туралы зерттеу жобаларына арналған әртүрлі идеялар мен тақырыптарды талқылады.

Өз тілшімізден

## «БҰҒЫЛАР ЖОЛЫ» ФОТОКӨРМЕСІ

**Тарих, археология және этнология факультетінің оқытушылары мен студенттері Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі мен Мажарстан бас консулдығымен бірлесіп ұйымдастырған «Бұғылар жолы» атты фотокөрмесіне қатысты.**

Көрме аңшылық және табиғатты қорғаумен кәсіби түрде айналысатын Одон Блауманның фото шығармашылығына арналған. Одон Блауманның жеке көрмелері Венгрияның ірі қалалары – Будапешт, Секешфехервар, Папе, Печье, Зирценде сондай-ақ, басқа да Германия (Дортмунд қ.), Австрияда (Зальцбург қ.) өтті. Оның жұмыстары аңшылар журналдарының мұқабасы, аңшы ақпараттық бюллетені (PIRSCH, WILD und Hund) беттерінде, түрлі күнтізбе, газет, кітап басылымын безендіруде пайдаланылды.

«Бұғылар жолы» көрмесі бұдан 10-15 миллион жыл бұрын Орталық Азиядан тараған ашатұяқты бұғы тәріздес жануарлар дүниесіне арналды. Бұл жануарлардың Венгрия табиғатына бейімделуі, қоршаған ортаны жерсінуге аңшылық кәсіптің өрістеуіне ықпал етті. Мажарстанда бұғы, еліктердің Еуропа аймағындағы ең үлкен тобы сақталған. Мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынған аңдар осы күндері аңшылық объектісіне айналып отыр.

Көрме барысында студенттер Одон Блауманның 65 туындысы мен Венгрияның әсем табиғаты, жануарлар әлемімен таныстырылды. Салтанатты түрде ашылған көрме барысында арнайы түсірілген қысқа метражды фильм көрсетілді. Бұл көрме Венгрия мен Қазақстан арасындағы мәдени байланысты нығайтуға арналды.

Өз тілшімізден

Жалғасы. Басы 1-бетте

## «СТУДЕНТТІК КӨКТЕМ-2019»

Ең талантты, дарынды да, жігерлі жастар арасындағы бақталас оңай болмады. Қазылар алқасы да дауыс беру таңдауын тез жасай алмады. Дүбірлі долада қазылар әрбір факультеттің артықшылығын байқап, үздік тұстарын қалыс қалдырмады. Нәтижесінде талқылау қызу өтіп, қазылар алқасы әділ шешім қабылдады.

Фестивальге көрермен ретінде қатысқан ҚазҰУ-дың 3-курс студенті Филипэ Пулидоның айтуынша бұл тамаша фестиваль болды және мұндай жоғары деңгейдегі шара Колумбия еліндегі ЖОО-да өткізілмейді. «Біздің ҚазҰУ студенттері өте дарынды әрі белсенді екендігін тағы да өз көзімен көрдім. Көрсетілімнен жақсы әсер алдым. Ұйымдастырушыларға көп рахмет».

Ал, журналистика факультетінің студенті Милина Вавулиди жастарға арналған «Студенттік көктем-2019» фестивалінің ауқымын атап өтіп, университет студенттерінің таланттарын айшықтап, оларды ел ішінде насихаттайтын шараларды көбірек өткізе деген пікірін білдірді.

Он бір факультет студенттері арасында болған өнер сайыстарының қорытындысы бойынша табанды үшінші орын филология және әлем тілдері факультеті мен ақпараттық технологиялар факультетіне берілді. Екінші жүлделі орынды жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті мен механика-математика факультеті тең бөлісті. Ал тарих, археология және этнология факультеті мен физика-техникалық факультетінің жастарына бірінші орын бұйырды. Гран-При иегері болып химия және химиялық технологиялар факультеті атанды. Бас жүлдегерлер Ыстық көлге жолдамамен марапатталды. Өнерімен тәнті еткен барлық жеңімпаздарға диплом мен сыйлықтар берілді.

Гүл БАЯНДИНА

## «ELSEVIER Day» В КАЗНУ

**В КазНУ им. аль-Фараби впервые прошел «Elsevier Day» - специализированный семинар по публикационной активности в изданиях «Scopus».**



Представители «Elsevier» ознакомили участников семинара с деятельностью компании, обсудили вопросы публикации статей в высокорейтинговых научных журналах, продвижение их в базах данных «Scopus», а также дали практические рекомендации, в частности о том, как избежать размещения материалов в «хищнических» изданиях.

В ходе встречи были затронуты темы использования платформы «Mendeley» и других интеллектуальных ресурсов при подготовке публикаций, составления специализированных литературных обзоров.

Открывая мероприятие первый проректор КазНУ, профессор Мухамбетқали Бүркітбаев подчеркнул важность проводимого мероприятия, особенно для молодых ученых и докторантов. «Проведение семинара направлено на развитие научно-исследовательской деятельности ученых, повышение их публикационной активности

в журналах с высоким импакт-фактором и цитируемостью, а также качества подготовки научных материалов», – отметил проректор.

Региональный директор «Elsevier» по Центральной Азии и Азербайджану Алия Оспанова ознакомила участников с деятельностью ведущего в мире научного издательского агентства и ключевыми подходами, способствующими повышению качества научных публикаций и продуктивности работы при их подготовке. Она также поделилась информацией о «ScienceDirect», услугах, предоставляемых «Elsevier» и работе с базой данных «Scopus».

«Elsevier» – один из четырех крупнейших научных издательских домов мира, который ежегодно выпускает около четверти всех публикаций в научных журналах.

Соб. корр.

## АУДАРМАНЫҢ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

**Халықаралық қатынастар факультетінің дипломатиялық аударма кафедрасы «Шет тілін оқыту мен аударудың заманауи әдістері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар өткізді.**

Оған Республиканың жоғары оқу орындары мен колледждерінің 80-нен астам шет тілі оқытушылары, сондай-ақ Канада, Франция және Швейцариядан келген шетелдік профессорлар қатысты. Женева университетінің профессоры А. Аккари онлайн режимінде өте мазмұнды және қызықты сөз сөйледі. Оның сөз сөйлеуі семинарға қатысушылар арасындағы пікірталасқа түрткі болды.

Сондай-ақ, «XXI ғасырдағы шет тілдерін оқытудың заманауи әдістері» атты баяндама Лейкед (Канада) университетінің ғалымы Сэт Агбо, ал француз тілі оқытушыларына арналған «Арнайы мақсаттар үшін француз тілін оқыту» тақырыбында профессор Халид Фатес (Франция) дәріс оқыды.

Семинар тәжірибе алмасу, шет тілдерін оқытудың жаңа әдістері мен технологиялары және аударма ісіне оқыту үшін жақсы алаң болды.

Дипломатиялық аударма кафедрасы



**Әл-Фараби атындағы кітапханада ҚазҰУ мен Цукуба университеттерінің «Жоғары білім дамуының қазіргі заманғы ағымы: проблемалар мен перспективалар» атты бірлескен халықаралық дөңгелек үстел өтті**

**Академические учреждения Казахстана начали формироваться в 1930 году в виде опытных станций. В 1932 году была создана Казахская база АН СССР, в составе которой начал работать Ботанический сектор, а также проведена большая работа по составлению каталога растений республики «Флора Казахстана».**

## УСПЕХ СОВРЕМЕННОЙ БИОЛОГИИ



В первые годы становления биологического факультета Казахского государственного университета им. С.М. Кирова огромный вклад в его развитие внесли крупные ученые и известные педагоги такие, как А.Н.Бартенев, Т.Б. Дарканбаев, Б.А. Домбровский, В.А.Догель, которые определили профиль учебного процесса. Ботаники должны изучать ресурсы естественных кормовых угодий. Студенты—зоологи должны изучать животный мир Казахстана.

В 1930-1934годы произошли дифференциация кафедр биологического факультета: кафедра зоологии беспозвоночных, кафедра зоологии позвоночных. По ботаническому профилю дифференцировали на кафедру систематики низших и систематики высших растений.

В подготовке научных кадров и развитии науки в республике важную роль сыграли научные силы, эвакуированные из западных регионов. В годы войны в Казахстане было размещено 20 крупных научных институтов, среди которых Институт физиологии имени И.П. Павлова АН СССР. Научные сотрудники этого института, такие профессора как, И.А. Барышников, Л.С. Штерн консультировали и оказывали дельную помощь в развитии физиологической науки в Казахстане.

Кафедра физиологии человека и животных Казахского государственного университета им. С.М. Кирова была организована в 1938 году. Первым заведующим этой кафедры был доцент Н.Н. Павлов.

Научно-исследовательская работа кафедры развивалась под руководством академика АН КазССР А.П. Полосухина. Кафедра проводила научные исследования по восстановлению функций у новорожденных животных после наступления клинической смерти.

После того как А.П. Полосухин сосредоточился на работе в АН КазССР, кафедру возглавила профессор М.Ф. Авазбакиева. Она является основателем нового в то время научного направления климатофизиологии. Под ее руководством была выполнена большая работа по исследованию важнейших функций организма человека в условиях высокогорья и пустыни. Она организовала проблемную лабораторию по климатофизиологии. Сотрудники этой лаборатории выезжали в разные климатические зоны Казахстана и в экспедиционных условиях изучили физиологическое состояние целителей, прибывших из Белоруссии, Украины и из разных климатических зон России. На основе материала физиологических исследований научные сотрудники проблемной лаборатории

кафедры физиологии человека и животных КазГУ разработали практические рекомендации по повышению работоспособности целителей.

В 1980-1990 годы работа кафедры физиологии человека и животных шла по экологической физиологии и физиологии экстремальных состояний, на изучение влияния гипоксии и загрязнения окружающей среды на организм человека. Кафедра разработала совместную программу научных исследований по изучению радиопротекторных свойств некоторых химических препаратов. Эти исследования под руководством профессора К.С. Рымжанова проводились в рамках НИР проблемного комитета «Экология. Радиация. Здоровье» международного антиядерного движения «Невада-Семипалатинск» и Франко-Казахстанского проекта «Экология и здоровье».

В 1990-2000 годы физиологи под руководством проф. Х.Д. Дюсембина принимали активное участие в составлении и выполнении научных программ первых казахстанских космонавтов Т.О. Аубакирова и Т.А. Мусабаева по исследованию физиологических механизмов адаптации организма человека в условиях невесомости и гравитации.

По предложению Президента детского фонда «Бобек» С.А. Назарбаевой совместно с медиками была выполнена работа по формированию здорового образа жизни у военнослужащих Национальной гвардии РК. Работа была продолжена с расширением контингента пациентов, включая детей и взрослых.

Наиболее перспективные исследования проведены профессором В.М. Инюшиным по выяснению особенностей реактивности биосистем на лазерное излучение. Научные

разработки внедрены в клинику, теоретически обосновано взаимодействие биоплазма—геоплазма, что послужило основой для разработки методов регистрации предвестников землетрясений.

С 1999 года кафедра физиологии человека и животных вошла в состав новой кафедры биофизики и биомедицины. Этой объединенной кафедрой руководит С.Т.Тулеханов — доктор биологических наук, профессор, действующий член Международной академии информатизации и академик АН ВШ РК, является известным специалистом в области хронобиологии и хронофизиологии, основателем нового научного направления о временной организации биологических систем, он разработал основу акупунктурной оценки функционального состояния организма, им внедрен в учебный процесс специальный курс «Хронобиология» для студентов отделений «Биология» и «Медико-биологическое дело», а также «Биофизика».

В связи с перестройкой системы образования в высших школах коллективом кафедры проведена большая работа по разработке новых учебных программ. Заключен договор с Институтом усовершенствования врачей РК, проводятся совместные исследования с Республиканским токсикологическим центром, Институтом ветеринарии и Академией питания РК. Обновлено научное сотрудничество с Институтом медико-биологических проблем МЗ России, Центром экологии Финляндии, Центром традиционной медицины Индии, Центром здоровья и университетом Бен-Гурион (Израиль).

В последние годы согласно перестройке системы образования по подготовке специалистов коллективом кафедр проведена большая работа по разработке новых учебных программ для того, чтобы ввести в курс обучения новые дисциплины.

Для совершенствования лекционных и практических занятий преподаватели подготовили и издали новые учебники и учебно-методические пособия, которые способствуют реализации новых учебных программ, а также помогут студентам в усвоении общих и спецкурсов и в выполнении самостоятельных работ бакалавров и магистрантов.

**Х. ДЮСЕМБИН,**  
академик НАН РК,  
профессор кафедры биофизики  
и биомедицины

## АКТУАЛЬНО: О ВОПРОСАХ МЕТОДОЛОГИИ

**Преподаватели кафедр социально-гуманитарного профиля КазНУ им. аль-Фараби приняли участие в первом научно-методическом семинаре по актуальным вопросам методологии общественных наук.**

Были заслушаны интересные доклады и сообщения ведущих профессоров о современном состоянии дискурса в области экономических теорий (д.ф.н. С.Б. Булекбаев), эволюции мировой монетарной системы (к.э.н. Т. А. Джанатаев), конституционного права (д.ю.н. К.К. Айтхожин), китайской традиционной философии и трендах социально-политической ситуации последних лет (к.ф.н. А.М. Амребаев). Также была озвучена информация о реформах образовательных программ высшей школы в мире и Казахстане (к.ф.н. Жанабаев К.).

Во время семинара магистранты, докторанты и представители СМИ получили квалифицированные ответы на свои вопросы. Также состоялся предметный разговор об эффективном привитии методологических навыков написания научных статей, новому поколению молодых ученых через семинары, проводимые регулярно, на базе КазНУ.

**Гюльнар МУКАНОВА,**  
к.и.н., доцент  
Кафедра Издательского дела и дизайна

## УЧЕБНИК ПРОТИВ КОРРУПЦИИ

**Сегодня процесс воспитания и образования является основой формирования антикоррупционной культуры в обществе. Для усиления борьбы против коррупции, в НИИ «Антикоррупционных технологий», кафедрой «Теории и истории государства и права, конституционного и административного права» КазНУ имени аль-Фараби совместно с Департаментом АДГСПК по городу Алматы, был разработан инновационный электронный учебник, предназначенный широкой аудитории, в том числе, рекомендован преподавателям, студентам, юристам и всем тем, кто интересуется актуальными проблемами права и государства.**

Учебник направлен на формирование навыков антикоррупционного поведения граждан и негативного отношения к коррупционным проявлениям, а также на формирование антикоррупционного мировоззрения учащейся молодежи.

В данном учебнике раскрываются понятия коррупции, механизмов борьбы с коррупцией и проводится анализ правовых основ противодействия коррупции.

Учебник состоит из нескольких разделов, где можно прочитать краткий курс лекции, пройти тестовые задания, просмотреть презентации, узнать интересные факты о коррупции в разделе анимации, а также расширить свои знания в разделе вопросы и ответы. Электронный учебник был презентован в начале марта 2019 года в Департаменте АДГСПК по городу Алматы, с участием Председателя АДГСПК А.Г.Шпекбаева.

Презентовала электронный учебник заведующая кафедрой «Теории и истории государства и права, конституционного и административного права» КазНУ имени аль-Фараби Г.П. Усейнова.

**А. БИСКУЛЬТАНОВА,**  
докторант 2-го курса юридического  
факультета кафедры

**Жылғадан басталған дәрия...  
Ғалым Әбсаттар Дербісәлінің  
төлқұжатына айналған бұл  
қанатты сөзі есте жоқ ескі  
заманнан-ақ, сан алуан тарихи,  
сауда, дипломатиялық қатынас  
жолдарының орталығы болған  
Отырар қаласы мен көне қазақ  
даласындағы өзге де тарихи  
қалаларынан шығып, өз мұраларын  
араб, парсы тілдерінде жазып  
қалдырған түрлі ғылым салалары  
өкілдерінің ортағасырлық араб  
өркеніеті тарихында орасан зор  
айшықты іздері жатыр деген келелі  
ойды түйіндеп береді.**



## Отырар ойшылы

аманаттап кеткен аса жауапкершілікті арман-мұраты қалғанға ұқсайды.

Әбу Наср артына бай мұра қалдырды. Солардың ішінен әлем ғалымдарының ерекше назарында болып келе жатқаны «Қайырымды қала...» трактаты. Трактат 330-331 (h) жылдары арасында жазылған деген пікір басым. Бұған қарағанда, ойшылдың бұл туындысы ілім-білімі кемелденген шағында, өмірінің соңына қарай жазған еңбегі. Ғылымда бұл кітапты жазуды әл-Фараби Бағдад қаласында бастап, Дамаскіде аяқтағаны туралы жиі айтылады.

«Қайырымды қала...» ғалымның шоқтығы биік шығармаларының қатарына жатады. Ол алғаш рет 1895 ж. басылып шықты. Бұл нұсқаны баспаға әзірлеген арабтанушы ғалым Фридрих Дитрици (1821-1903). Әр жылдары басылым көрген бұл туындыны жиі зерттеп, жиі жариялаған араб елдерінің басында Сирия, Египет және Ливан тұр.

Ғалым осы еңбегіндегі «...асқан игілік пен ең биік кемелділік дәрежесіне ең алдымен қала жетпек... қалада белгілі адам – басшы адам бар және өздерінің дәрежелері жағынан басшыға жақын тұрған басқа адамдар бар, бұлардың әрқайсысы өз жағдайына және қабілетіне қарап, басшының көздеген мақсатына сәйкес әрекет етіп отырады» деген концепциясын туған елінен жыраққа кетіп:

«Қашықтасын туған жер – қалың елім...»

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып...

Келер күнге үмітпен жол ашамын» жыр жолдарымен үндестіріп, қайта оралып келе алмаған туған топырағының болашағы Тәуелсіз Қазақстан қоғамына арнағандай болып көрінеді.

1991 жылы Қазақстан республикасы өз тәуелсіздігін алды. ҚР тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Назарбаев сайланды. Көп ұзамай (1992) әл-Фараби есімі ғалымның тарихи Отаны Қазақ еліндегі жетекші жоғарғы оқу орны қазіргі Қазақ Ұлттық университетіне (ҚазҰУ) берілді.

Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымның «Қайырымды қала...» еңбегіндегі ізгілікті қоғам құру идеясына негізделген «Al-Farabi university – smart city» ғылыми-инновациялық жобасы аясында жұмыс істеп келе жатыр.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Наср әл-Фараби есімі берілген (1992) ЖОО ҚазҰУ ректоры академик Ғ.Мұтановтың бастамасымен Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында орындауға тапсырған «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы аясында Египет Араб Республикасындағы (ЕАР) ҚР Елшілігінің қолдауымен Каир университеті жанынан

«Әл-Фараби» ғылыми-білім орталығын ашты (2019).

Орталықтың Мысыр елінде ашылуы Елбасы мақаласының «Ұлы дала тұлғалары» ғылыми-көпшілік серияларды әзірлеу мен жариялау, әлемдік деңгейге көтеру бағытындағы отандық ғалымдар мен шетелдік жетекші мамандардан тұратын халықаралық көпбейінді ұжым құру идеясын жүзеге асыруға берік платформа болмақ.

Әбу Насрдың нижа бойынша санасак, 330-337 жылдары аралығының бірінде тұңғыш рет табаны тиген Мысыр елі бүгінде ұлы баба туралы талай сырды ішіне бүгіп жатқан құнды мұралары жинақталған бірден-бір Орталық-мұрағатқа айналды. Ғалымның Мысыр шаһарында қанша уақыт болып, Ежелгі перғауындар еліне қанша рет айналып соққаны туралы дерек бізде жоқ. Белделі тарихи деректердің дерлігі оның Мысырда болған уақытын бір ғана 337 жылмен белгілейді.

«Қашықтасын туған жер – қалың елім...» деп шетте жүріп, өмірін ілім-білім іздеп, ақиқаттың кілтін табу жолына арнаған ойшылдың кей кездері өмірден де түніліп «шаршадым мен, қанатым талды менің» сарынына тап болғанда «келер күнге үмітпен жол ашуына» көк сияға толы даналығы медет болса керек. Сол көк сия арқылы қағаз бетіне түсірген хикметінің сырын ашып, мәніне жетуді болашақ ұрпағына аманаттап, «бәйгітім менің кәдене сенің жараса, нұр сәуле одан тапқаның» деген ғалымның ұлы арманын туған топырағының перзенттері ойшылдың өзі сапар шеккен араб елдерінің ішінен Мысыр елімен бірлесе жүзеге асыра бастауы кездейсоқ құбылыс емес.

ҚР тәуелсіздігін алған 1991 жылы араб елдерінің ішінен ең бірінші болып Мысыр елі қазақ елінің егемендігін таныды. Өз елшігін Қазақстанда бірінші болып Мысыр ашты. Қазақстан да бірінші болып Каирде өз елшігін ашты.

Жанғырудың үшінші кезеңіне қадам басқан Қазақ елі республикадағы жетекші ЖОО ҚазҰУ-нің «Әл-Фараби» ғылыми-білім орталығын араб елдерінің ішінен бірінші болып Мысыр елінде, Каир университеті жанынан ашты.

Әбу Наср әл-Фараби қайта оралып өзі соқпаса да, артына қалдырып кеткен баға жетпес бай мұрасы ұлы бабаны Мысыр еліне қайта оралтты.

**Хаван АЙДЫНГҮЛ,**  
аға оқытушы,

«Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығы

## СУБЪЕКТ КАК МИКРОКОСМ

**В преддверии международного  
форума, посвященного наследию  
аль-Фараби, мы с нетерпением  
ждём учёных из разных стран, в  
ожидании новых открытий, нового  
видения идей великого мыслителя  
Востока.**

В прошлых форумах большое значение придавалось философии, идеям в сфере точных и естественных наук. Интеграция была очень увлекательной и глубокой. Многогранная личность аль-Фараби не обошла и науку психологию. В частности, тезис «Субъект как микрокосм, в котором представлен весь макрокосм» актуализирует современную психологию не только в теоретическом аспекте, но и прикладном.

Исходя из понимания субъекта как микрокосма, в котором представлен весь макрокосм, Абу Наср аль-Фараби, одним из первых прописал феномен представленности, определяющий монолитность и интегрированность внутреннего мира, связность всех его составляющих и бессмертие человеческой личности. Феномен представленности встречается также в работах Фрейда как теория интроктов, в теории представленности академика Х.Й. Лиймеса (Эстония, 1979) и в московской школе как теория персонализации А.В. Петровского (1982). Человек жив в тех людях, в которых, он произвёл личные вклады. И становление человека обеспечивается личностными вкладками тех, кто в нем представлен. В процессе принятия решения участвуют все интимные личности, и, они же являются гласом совести в процессе выбора.

Разрабатывая учение о субъекте как многоликом мире, Абу Наср аль-Фараби одним из первых поднимает проблему меры, которая в психологии актуализируется с 1940 г. и по сей день ждёт своей разработки.

Существенным является и то, что Абу Наср аль-Фараби рассматривает бессознательное не как вытесненные, подавленные, социально неприемлемые потребности человека, а как ещё непроявленное, светлое начало в человеке, что ориентирует не на позицию «встать над ним», нейтрализовать его, а на использование сил подсознательного, превращая его в ресурс преодоления.

На основе учения о субъекте как многоликом мире, психологи КазНУ разработали смысловой анализ личности субъекта. Он отражает не только реализацию целостного подхода, но имеет и значимый терапевтический аспект. Более 700 студентов и магистрантов, прошедших себя по данной методике, смогли осознать свои возможности и проблемы, а также открыли значимость своих близких и своевременно получить прощение и простить других. Мы вместе с ними пережили множество мгновений откровения. Это было прекрасно!

Почему так важен для нас, психологов, этот замечательный Форум Абу Наср аль-Фараби? Психология мира, в условиях глобализации, стоит перед разработкой универсальной и частной психологии, на основе интегрирования научной психологии и опыта духовных практик разных народов. Данная проблема в психологии стоит перед всеми странами СНГ и мира в целом. Анализ работ аль-Фараби даёт нам возможность внести свой вклад в развитие психологической науки, как в универсальном варианте, так и имеющей свою специфику, основанную на особенностях традиционной культуры и этнопсихологии.

И, самое потрясное! Идеи, аль-Фараби, озвученные много веков тому назад, как никогда раньше, актуализировались в современной научной психологии, углубляя понимание внутреннего мира человека и способов его анализа.

**Ф. ТАШИМОВА,**

д. психол.н., директор центра

«Психологических технологий и инноваций»,

**А. РИЗУЛЛА,**

докторант кафедры общей и

прикладной психологии

**Механика және математика факультетінің «Ғарыштық техника және технология» мамандығының студенттері**

**Роланд Пилпани мен Есенжол Марғұлан «Тайбурыл» қоғамдық бірлестігінің стипендиясын жеңіп алды**

# «Қазақ университеті» газетінің

2011 жылдан бастап жыл басы Наурыз мейрамы шығыс әлемінде ғана емес, 200-ге тарта ел ұйысқан Біріккен ұлттар ұйымы шеңберінде тойланып келеді.

БҰҰ «Халықаралық Наурыз мерекесі» қарарын бір ауыздан қабылдап, 21 наурыз күнін әлемдік мереке ретінде белгілеп, оның бір ұлттың немесе мәдениеттің мерекесі ретінде ғана емес, бүкіл адамзат мұрасының құрамдас бір бөлігі екенін әлем алдында айшықтап берді. Ұлыстың ұлы күнін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жыл сайын өзіндік сән-салтанатымен, зор маңыздылықпен атап өтеді. Бұл жыл басын мол дастархан жайып, ерекше көңіл-күймен, жақсы ниетпен қарсы алсақ, жыл да жағымды жаңалықтарға, молшылыққа толы болады деген сенімді білдіреді.

ҚазҰУ-дың Ұлыстың ұлы күнін ұлықтауда және мәртебесін арттыруда талайларға үлгі болар өнегесі көп. Наурыз мейрамы – жаңа тіршіліктің бастауы ғана емес, ынтымақ пен достықтың, береке мен бірліктің, ұлтаралық татулық пен қарым-қатынастың мерекесі. Ал бұл халықаралық мейрамның ең бір есте қалатын рәмізді тұсы – наурыз көжеде екені белгілі.

Осы орайда «Қазақ университеті» газеті жыл сайын дәстүрлі түрде өз «наурыз көжесін» ұсынып келеді.

«Наурыз көже» дейтініміздің себебі, осы дәмге қосылуы тиіс жеті түрлі тағамның орнына жеті түрлі сұрақтың жауабын ұсынып отырмыз. Ал оны санада қорытып, нәрін алу оқырманның еншісінде.

## ЕТ ОРНЫНА

Алтынай ТЫМБОЛОВА,  
қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі

### НАУРЫЗ ҮЛКЕН ІСТЕР БАСТАУЫ!

«Біздің қазақ айранға бай болғанымен, мейрамға жарлы. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, біздің қазақ-қырғызда жалғыз-ақ мейрам бар, ол – Наурыз!», -деп алаш арысы М.Дулатұлы айтқандай, бүгінде Наурыз мейрамы шоуға айналғандай әсер етеді. Неге десеніз, мереке қарсаңында ғана бірен-саран киіз үйлер тігіліп, алдына ұлттық киім киген қыз-келіншектерді тізіп қойып, мерекелік концерттен аса алмай жүргеніміз өтірік емес. Дәстүрің күнделікті әдет-салтыңа, қоғамдық қалпына айналмағаннан кейін, әрине адамдар оны шоу ретінде ғана қабылдайды.

Осы орайда, еліміздің Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мерекені тойлауда тың ой тастап жүр. Наурыз мерекесін жана үлгіде ұсынудың бірнеше мәнді де мағыналы тетіктерін де атап көрсетті.

Наурыз – тіршіліктің жанаруы болғандықтан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де мейрам жыл сайын тазалық апталықтарымен басталып, сенбілікпен ұштастырылады. Тазару, жанарудың бастауы болып саналатын мереке университетте кең көлемде атап өтіледі.

Наурыз мерекесі күллі түркі жұртының ұлық мейрамы. Осы күндері иісі мұсылман баласы адамшылықты ту етіп, қайырымдылық жасайды, отбасының береке-бірлігін тілейді, алыс-жақын ағайынмен көріседі, ынтымағын жарастырады, ақ дастарханын жайып, Алладан амандық сұрайды, ағаш отырғызып ұрпағына өсіп-өнудің үлгісін көрсетеді.

## ТҰЗ ОРНЫНА

Нұрхалық АБДЫРАҚЫН,  
қытайтану кафедрасының аға оқытушысы

### НАУРЫЗ ҚАЙДАН БАСТАУ АЛАДЫ?

Қазақтар планетаның бәрін жақсы білген, олар темірқазықты қараңғы түнде өздеріне жол бағдар компас еткен, оның маңындағы екі жұлдызды акбоз ат, көкбоз ат деп атады. Жетіқарақшы (жетіген, жеті карт) түнгі мал күзетіндегі сағат болды. Меркуридді қазақтар таншолпан, не кіші шолпан деп атады. Юпитерді-есекқырған, марсты-қызыл жұлдыз, близнецты-кос жұлдыз, сириусты- сүмбіле деп атады. Ал үркерге қарап жыл мен күнтізбе ауыстырып отырған. Үркердің аууына қарап күн райының өзгерісін болжап отырған. Әр айдағы үркер мен айдың тоғысуын (тоғыс) күнді қатты бақылаған, сол күн ашық болса ай жайлы, ал жауын-шашын болса, айда сондай жауын-шашынды деп малды қадағалап баққан. Үркер жерге жақындады көктем келді деп жыл ауысатын мезгілді, 22 наурыздағы күн мен түннің тоғысын алдын ала білген. Үркер жерге түспей жер қызбайды деп көктемгі егіс жұмыстарын да соған қарап белгілеген. Күннің ұзарып-қысқаруын өлең жырларға қосып: токсанда торғай адым, қаңтарда қарға адым, ақпанда ат адым, шілдеде шыл адым ұзарады деген.

Байырғы қазақ күнтізбесінде дәстүрлі күн күнтізбесін қолданған, онда күн қайсы шоқ жұлдызының тұсында болса, сол шоқ жұлдызымен аталған. Жылдың басы көктемгі күн мен түннің теңелуі болды. Жыл қайыру есебін он екі хайуанның атымен атап, 22 наурызда адам жасқа толады деген, наурыз көже ішкенде бір жас қосылды деп, жаңа жасың құтты болсын деп тілек айтқан. Жаңа жыл басы деп аталды. Жұрттың бәрі аспанға қарап жұлдызды танып, жыл басын білмеуі мүмкін, сол себепті қазақтар төрт мезгілге қарай көшіп-қонып мал баққанда, ат байлайтын мама ағашты алмай сол бойы қалдырып кететін. Соның көлеңкесіне қарап жаңа жылды білетін болған.

Наурыз сөзі Қараханийтер кезеңінен (X ғасырдан) бұрынғы парсы мәдениетінің өрлеуі

## СУ ОРНЫНА

Руслан АХМАГАНБЕТОВ,  
саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының оқытушысы

### ОСЫ ЖҰРТ «КӨРІСУ» МЕН «АМАЛДЫ» БІЛЕ МЕ ЕКЕН?

Жуырда еліміздің барлық аймақтарында «көрісу» немесе «амал» деген атауы бар мерекелер кеңінен аталып өтті. Бұған дейін мұндай мейрамдар тек батыс өңірлерінде ғана болғандықтан, көпшілікке бұл мерекелер қызықты әрі тансық болатын. Бұл көне салттың өзіндік тарихы да жоқ емес.

Бұрындары ауылдарда наурызды қазақтың ертедегі күн санауы бойынша ай туған уақыттан бастап қарсы алатын. Алайда, ауылдың ақсақалдары наурызды айдың басынан гөрі, өз уақытында қарсы алған дұрыс деп, ел-жұртқа шамалары жеткенше жеткізіп жүрген. Бұның сыры – табиғатпен астрономиялық кеңістіктің үйлесімділігінде. Наурыздың 22-де күн мен түннің теңелу уақыты, әрі бүкіл жер-жаһанның жаратылған сәті деген де болжам бар. Содан болса керек, наурыз – табиғатпен үйлесім тапқан қазақтың (түркі және парсы халықтарының) мейрамы. Қазіргі уақытта көптеген елдерде түрлі мерекелер аталып жатады, алайда олардың басым бөлігі символикалық тұрғыда өткізіледі.

Өткен ғасырдың кеңестер кезінде наурыз мерекесінің тойлануына тыйым салынғандықтан, араға жарты ғасыр салып, 1989 жылдан бастап ұлттық мейрам қайта жаңғырды. Бүгінде бұл мейрамның символикалық сипаты артты.

Наурыз айының келуін атап өту дәстүрі, еліміздің батыс аймақтарында ғана сақталып қалды деген пікірді қоғамда қалыптастырмауымыз абзал. Бұл бүкіл қазаққа ортақ мереке деп қабылдау қажет. Қыстан аман шығып, ел-жұртпен қайта қауышып, арқа-жарқа болып көрісу әрбір көшенді халыққа, әсіресе қазаққа қашанда арман болған. Осындай ниеттен пайда болған бұл мереке, сонымен бірге табиғат пен қазақтың арғы өміріндегі өзара үйлесімінен шыққан. Қыс бойы бірі-бірінің жүзін көрмей, қалың қардың қыспағынан қатынай алмаған халық көктем келіп, қардың шеті сөгілгеннен кейін ауыл-ауылды аралап, ағайындарымен көрісіп, наурыз көжеден дәм тапқан. Наурыз көжеге қосылатын тағамдардың құнарлығымен қатар олардың санында да философиялық терең ұғым жатыр. Қазақтың мақалында «көктем – жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін кезі», делінген. Яғни, адам қыстан шыққанда қалжырап, әлсіз болатындығын көшпенділер бұрыннан білген. Ағзаны қайта қалпына келтіріп, адамның күш-қуатын толтыру үшін халқымыз наурыздың он төртінен бастап келген қонақтарды тойымды әрі нәрлі наурыз көжемен тамақтандырған. Ас – адамның арқауы деген осыдан шықса керек.

Жуырда Түркістан облысында «көрісу» күнін жергілікті аймақта атап өту шарасы қолға алынғандығы туралы ақпарат тарайды. Алдағы уақытта еліміздің басқа өңірлерінде де ұмыт қалған ертедегі салтымызға сай толыққанды Өз- Наурызды атап өтетін боламыз деген үміттеміз.

Биылғы төл Жаңа жылымыз құтты болсын! Еліміз аман, халқымыз тыныш болғай!



# «наурыз көжесі»

## ҰН ОРНЫНА



**Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ,**  
журналистика факультетінің профессор м.а.

## ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫҚ МЕЙРАМЫ

Халқымыздың ең көне мейрамдарының бірі-Наурыз бастауын ежелгі замандардан алады. Қазіргі күнгі бойынша күн мен түннің теңелуіне сәйкес келетін бұл мерекенің атауы мамандардың айтуынша көне парсы тілінде «жана күн» дегенді білдіреді. Бұл орайда 2012 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының қарарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып келе жатқанына тоқтала кетелік. Құзырлы халықаралық мекеме түсініктемесінде «Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері

Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқандығы» атап өтілгені жазылып жүр. Ал, содан бір жыл бұрын, 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Наурыз мейрамы адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізілгендігінен де хабардармыз. Елімізде мейрам үш күн бойы 21-23 наурыз аралығында аталып өтіледі. 1988 жылдан Алматы қаласында, республиканың көптеген аудандарында Наурыз жалпыхалықтық мейрам ретінде қайта тойлана бастады. Наурыз мерекесі 1991 жылы 15 наурызда Қазақ КСР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24 сәуірінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген мәртебе берді.

Өткен күнде белгі жоқ, дейді қазақ. Дегенмен, сол кездегі астанамыз Алматыда Наурыз мейрамын ұйымдастыруға қалай атсалысқаным әлі күнге дейін көкірегімде сайрап тұр. Университеттің журналистика факультетінен Алматы қалалық атқару комитетіне қызметке ауысқан маған әлеуметтік-мәдени саланы басқаратын белгілі қоғам қайраткері Жібек Әмірханова апайымыз қала көшелеріне ілінетін көрнекі құралдардағы ұран сөздер мен құттықтаулар мәтіндерін қазаша «сөйлетумен» қатар сценарий жазуға қатысу туралы ұсыныс білдірді. Абай ескерткішінен басталған атты-түйелі көш көше бойымен жайлап жүріп өтіп, цирк маңындағы алаңда мәресіне жетті. Қаланың өзге бөліктерінде де бұл күні түрлі ойын-сауықтар ұйымдастырып, жұрт серуенге шықты. Сөйтіп, Наурыз бүкілқалалық мерекеге айналды.

Бүгінде өз Наурыздың мән-мағынасы, пайым-түсінігі толығымен Еліміздің батыс өңірінде, Атырау және Маңғыстау облыстарында Наурыз мерекесі 14 наурыздан басталып, «Амал» деп аталады. Бұл мейрамның дәстүрлі элементі – «Көрісу» атты дәстүрінде адамдар қол алысып қауышады. Сонымен бірге барлығы «Жаңа жыл жайлы болсын, бір жасыңыз құтты болсын!» деп амандасады. «Көрісу» бір күнмен шектелетін мереке емес, ол айдың соңына дейін жалғаса береді.

Наурыздан кейінгі екінші күні егінші жұрт жаппай көктемгі егіске кірісетін. Малшы қауым да төл алуға қатысты іс-қаракетімен айналысатын. Ұстаздар қауымы да шаруақор жұрт санатына жатады. Біз Ұлыстың ұлы күнінде өткенге салауат айтып, келешекке көз тігудеміз.

## ҚАТЫҚ ОРНЫНА

**Зұфар СЕЙТЖАНОВ,**  
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының докторы



## БҮГІНГІ ТАҢДА НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ХАЛЫҚ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алған күннің бірі – наурыз. Өйткені наурыз – жыл басы. Осы күні жыл сайын жиырма екінші наурызда «Наурыз мейрамы», дәлірек айтқанда «Ұлыстың ұлы күні» деп мерекелейтін болған. Демек, бұл күн кездейсоқ тойланбаған. Шығыстың көп елдері күн мен түннің теңелетін күні-жиырма екінші наурызды жаңа жылдың басы деп есептеген. Парсы күнтізбесінде наурыз айы емес, жыл басындағы бір күн болса, қазақ календарында ай атына айналған. Жыл басы білу – күнделікті тұрмыс-тіршілік талабы. Өйткені мал төлдету, шөп шабу, егін салу тағы басқа маусымдық жұмыстар жыл мезгіліне тікелей байланысты болған. Сондықтан шығыстың көп елдері наурызды жаңа жыл ретінде тойлауды дәстүрге айналдырған.

Күллі халыққа шаттық-шадман әкелетін күнді әр адам, әр отбасы алдын ала ерекше дайындайды. Киім-кешектерімен үй ішіндегі дүние-мүліктердің бәрін қағып-сілкіп, кір қоқыстан тазартады. Ұлыс күні үлкен-кішінің бәрі жаңа киімдерін киіп, үсті-бастарын ретке келтіреді. Наурызды қарсы алудың қалыптасқан дәстүрі де болған «...Жаңа жыл табалдырық аттап, төрге озғанда «жалғыз шала сәуле болмас, жалғыз шырақ тәубе болмас» деп тосқын-тасқын, жауын-шашын көп болсын деп дастархан үстіндегі ыдыс атаулы аққа (сүт, айран, шұбат, шалап, уыз, тағы басқа ырысқа, бидай, тары арпа, сұлы, жүгері т.б.) және көусар бұлақ суына толтырылады. Қысқасы, жылдың басы жақсы болса, аяғы да жақсы болады деген сенім-түсінік бар.

## ДӘНДІ-ДАҚЫЛ ОРНЫНА



**Алмасбек МАУЛЕНОВ,**  
Жамбыл атындағы қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, ф.ғ.к. доцент

## НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ МАҢЫЗЫН ҚАЛАЙ АРТТЫРАМЫЗ?

Жер бетін жаңа жайлы жылы самалмен аймалап, қаһарлы қыстың көбесін сөгітіп, жұрттың аузын аққа жеткізіп, нұрлы күннің қуатты шуағын аямай төккізіп, қиындықтың бәрін өткен жылға өткізіп биылғы Елбасымыз жариялаған «Жастар жылын» жаңа жайлы жылылықпен қарсы алу үшін Жаңа жылмыз Наурыз мерекесі де келіп қалды. Әдеттегідей Наурыз мейрамы жаңа жылдың жаршысындай Самарқанның көк тасын ерітіп, алтын күрекпен жер жүзін жібітіп, қатып қалған тас жүректерді

мейіріммен үгітіп, жазғытұрғы жыл құстарының әнін шалқытып, Төңіртаудың төбесін көкке тигізіп әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жасылдан желек кигізіп өз-Наурыздымыз ерекше құт-берекесімен құлпыра келді. Ия, Наурыз байырғы ата бабаларымыздың мифологиялық түсінігі бойынша киелі, қасиетті, сакральді саналған.

Ұлыстың ұлы күні барлық дүние-уаи пендешіліктен арылып, тазарып бір-бірімен құшақ жая көріскен. Салауатты ізгі амалдар жасап, ертеңгі күннің болашағын бағдарлап, жастарға үкілі үміт артып ақжолтай сөгіліктер тілеген. Әрбір мейрамның халыққа алып келетін бағалы да, қасиетті ұлттық құндылықтары болады.

Осыған орай Наурыз-көктем мен еңбектің, татулық пен мейірімділіктің мерекесі десек те, халқымыздың салт-дәстүрлерін құрметтеп, ұлттық құндылықтарымызды рухани жағынан қайта жаңғыртып, елінің ертеңі үшін аянбай адал еңбек ете білетін жан-жақты дамыған қабілетті ұрпақ тәрбиелейтін ұлттық мейрамымызға айналдыра білуіміз керек. Сондықтан да бұл мерекенің маңыздылығын арттыра түсу қажет деп есептейміз.

Біріншіден, наурыздың жаңа жыл екендігін танытатын өткен күнмен бүгінгіні байланыстыратын символдық-мифологиялық атрибуттарын табу керек.

Екіншіден, наурыз жастарға ой салатын, сүйікті мейрамына айналдыра білуіміз керек.

Үшіншіден, наурыз мерекесін ағаш отырғызудан бастап, балалардың экологиялық тәрбиесіне ықпал ететіндей жұмыстар жүргізу керек. Мұнан да басқа көптеген іс-шараларды ұйымдастыра алсақ өз-Наурыздың мәртебесі артып, халықтың қолдауына ие болар еді. Тек тігілетін киіз үй, ұлттық киім, ұлттық ас және тағы сол сияқты ұлттық ерекшеліктер бұл мейрамға азық етеді.

## ДӘМДЕУШ ОРНЫНА

**Ардақ ЖАБЫҚПАЕВА,**  
ҚазҰУ музейі қызметкері

## НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕН НЕ КҮТЕМІЗ?

Наурыз мерекесі бүкіл мұсылман халқына ерекше қуаныш, шаттық әкелетін мейрам ғой. Әрбір атқан таңға тәуба деп оянған қазақ халқына көктемнің шуағымен келетін бұл мереке ерекше. «Жаңа күн» деген мағынаны білдіретін бұл мереке, шынымен жақсы жаналықтан үміт күттіретін, өміріне жаңа леп береді.

Наурыз - молшылықтың, берекенің, туысшылық пен бауырмашылықтың, кең пейілділіктің символы.

Мен, «Наурыз» дегенде бала күнім есіме түседі. Жоталарға бәйшешек шығып, айнала қардан арылып, жасыл желектеніп, табиғат керемет бір күйге енетін еді. Бүкіл ауыл абыр-сабыр, көрші-қолаң бір біріне қонақтап, ауыл әжелері ақ кимешектерін, қос етек көйлектерін киіп, дайындалған наурыз көжелерін құйып алап қыдыратын еді. Қайтқанда наурыз көже алмасу болады. Мен де әжемнің артынан қалмай ауыл аралап, қолымызда көжесімен көк бидон, қыдырамыз. Ән салған, айтысқан шал - кемпірлердің арасында жүретінмін. Қайран балалық шақ, қызық еді. Мен үшін осы үлкендерден қалған дәстүр қасиетті сияқты.

Ұлтымыздың дәстүрлері жаңғырып, рухымызды көтеретін осындай тәрбиелік терең мағыналы мейрамдарымыз қазір мемлекеттік деңгейде өте жақсы тойланады.

Оның ішінде біздің университеттің Наурыз мерекесін атап өтуі, жоғары дәрежеде. Шетелден келген қаншама қонақтар, біздің береке - бірлігімізге, қонақжайлылығымызға, дастархан мәзіріне қызығушылықпен қарайды. Университет аумағында ақ шағаладай тігілген қазақ үйлерді көргенде көңіліңде бір мақтанш сезімі оянады. Қонақ десе ішкен асын жерге қоятын қазақ халқы, кез келген адамды жатсынбай, барын салып күтіп алып жатады.

Осындай берекелі, ақ ниетті мереке, Наурыз мейрамы құтты болсын!

Барлық әріптестеріме бақыт, «Жаңа күнде» жаңа табыс, қуаныш тілеймін. Отбасымыз аман, жақсылығымыз көп болсын!



**Биылғы жыл біздің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен өзіміздің еңбек етіп жатқан химия және химиялық технологиялар факультетімізге мерейлі 85 жыл. Бұл мерейтойға ұжымымыз мақтанарлықтай жетістіктермен жеткені сөзсіз. Самарқанның көк тасын жібітіп, Жер-Ананың төсіндегі тіршілік иелеріне қайтадан жан бітіретін бұл күн біз үшін бәрінен айрықша.**

## ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!



Түрік тілдес халықтардың Жана жылын Қазақстанда наурыздың 22-де атап өту дәстүрге айналған, бірақ ісі қазақтың легендер Наурыз мерекесін қарсы алу әдеттегі наурыздың 22-нен бұрынырақ, наурыздың 14-нен бастау алады. Мұны әлдебір тосын немесе өзгеше құбылыс деп қарауға болмайды. 14-ші наурызды «Көрісу (қауышу) күні» деп те атайды. Бұл күні тұрғындар іштей қамданып, жаңа жыл келіп жеткендей, жасына жас қосылғандай бір-біріне кезіккенде «Бір жасқа шығуыңмен», «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп бір-бірін құттықтап мәре-сәре болып жатады. Көрісу күні жасы кіші адамдар үлкен қарияларға барып баталарын алу жастарға парыз іспеттес. Ал үлкендер жағы кейінгілердің арнайы келіп көрісуін күтіп отырғандай. Сайып келгенде, көрісу сәттерінің жас ұрпақты адамгершілік-имандылық қасиеттерге баулитын тәрбиелік жағы басым екендігі айдан анық. Мақаламызды көрісу салтымен бастап отырған себебіміз, ол бір күнмен шектеліп

калмайды, ол жыл бойы жалғаса береді. Яғни, қазақтың төл Жана жылы жалғасын табады деген сөз. Қазақтың ұлттық мейрамдарының ішінде Наурыз мерекесінің мән-мағынасы айрықша бағалы. Ұлттық мейрамның үлкенге де, кішіге де берер тәрбиесі мол. Осы мерекеге орай факультетіміздің қабырғасында «Химия» мамандығы бойынша білім алатын I курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Айналанды нұрландыр» жобасына сәйкес «Қош келдің, әз-Наурыз!» атты мерекелік ішара өтті.

болып табылады. Студенттердің бұл ішараға жан-жақты, жоғары деңгейде дайындалғаны анық байқалды. Қазақта «Алты жыл аш болсаң да, атанның салтын ұмытпа» деген мақал бар емес пе, міне бұл ішараға қатысушылар да осы қазақтың салт-дәстүрін дүйім жұртқа паш еткендей. Қазағымның әндері мен билерін, салт –дәстүрлерін нақышына келтіріп орындаған студенттердің бойында еліне, туған жеріне деген сезімнің ояңғаны сөзсіз. Іс-шарамыз әсем әуен мен мың бұралған бишілердің биімен жалғасын тапты. Сөзімізді қорыта келе, осы ішарамызды өткізуге аянбай үлес қосқан кураторлық тобымызға айтар алғысымыз шексіз.

*Наурыз жырын жырлаймыз,*

*Онымен де тұрмаймыз.*

*Шыңдалып жеткен бұл күнге*

*Ел дәстүрін сыйлаймыз* - дей келе ұрпақтар сабақтастығын жалғастыра отырып, ортақ мақсат-мүдделерімізді жетелейтін, ерлікті, ауызбіршілікті, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын дәріптейтін, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, дәстүрімізді дәріптейтін келешек ұрпақтың болашағы жарқын болуға ат салысайық. Сонда ғана, бес саусақтың салаларындай, бір әулеттің балаларындай ауызбіршілікте салтты сақтап, дәстүрді дәріптеп қазақ халқының болашағын жарқын етпекпіз.

**Л. ТУГЕЛБАЕВА,**

**Р. АШКЕЕВА,**

*жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының оқытушылары*

## Ұлық мерекеде

*үлкен істер күтін тұр*

**«Біздің қазақ айранға бай болғанымен, мейрамға жарлы. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, біздің қазақ-қырғызда жалғыз-ақ мейрам бар, ол – Наурыз!» деп алаш арысы М.Дулатұлы айтқандай, бүгінде Наурыз мейрамы шоуға айналғандай әсер етеді. Неге десеңіз, мереке қарсаңында ғана бірен-саран киіз үйлер тігіліп, алдына ұлттық киім киген қыз-келіншектерді тізіп қойып, мерекелік концерттен аса алмай жүргеніміз өтірік емес. Дәстүрің күнделікті әдет-салтыңа, қоғамдық қалпыңа айналмағаннан кейін, әрине адамдар оны шоу ретінде ғана қабылдайды.**

Осы орайда, еліміздің Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы мерекені тойлауда тың ой тастап жүр. Наурыз мерекесін жана үлгіде ұсынудың бірнеше мәнді де мағыналы тетіктерін де атап көрсетті.

«Ұлттық мейрамымызды жалпы қазақстандық мереке дәрежесіне көтеруіміз керек. Бұл мәселеде Ұлттық намыс пен рухани болмысымызды жаңғырту деген асқак ой жатыр» дейді министр. Мұндағы ең қолға алатын басты нәрсе Наурыз мерекесі балдырғандарға, жас жеткіншектерге арналуы керек. Сондықтан мерекеде жақсылық пен берекенің иесі –

Қыдыр бабаның атқаратын рөлін балдырғандармен тиімді өткізуге жұмсаған жөн. Сондай-ақ мерекенің эмблемасы бекітіліп, қала гүлмен көмкерілсе, халқымыз ұлттық киімімізді дәріптеп, одан кейін де оны күнделікті өмірде киіп жүруге дағдыланса, еліміздің атқа мінер ауқатты азаматтары қайырымдылық шараларын көптеп өткізіп, халықты тойындырып, Ұлыстың ұлы күні мерекелік көңіл күй сыйласа деген пікірлерінің барлығы да орынды деп ойлаймыз. «Наурыз

спартакиадасын» ұйымдастыру қажет деген ойы да халық көңілінен шығары сөзсіз. Себебі ат құлағында ойнайтын қазақта спорттың түрлері өте көп. Бұл ұлттық спорт түрлерін дамытуда таптырмас тетік болар еді.

Наурыз – тіршіліктің жаңаруы болғандықтан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де мейрам жыл сайын тазалық апталықтарымен басталып, сенбілікпен ұштастырылады. Тазару, жаңарудың бастауы болып саналатын мереке университетте кең көлемде атап өтеледі.

Наурыз мерекесі күллі түркі жұртының ұлық мейрамы. Осы күндері иісі мұсылман баласы адамшылықты ту етіп, қайырымдылық жасайды, отбасының береке-бірлігін тілейді, алыс-жақын ағайынмен көріседі, ынтымағын жарастырады, ақ дастарханын жайып, Алладан амандық сұрайды, ағаш отырғызып ұрпағына өсіп-өнудің үлгісін көрсетеді.

Сондықтан елімізді ұлық мерекеде үлкен істер күтіп тұр.

**Алтынай ТЫМБОЛОВА,**

*Қазақ тілі білімі кафедрасының меңгерушісі  
м.а. профессор*

## Праздник НАУРЫЗ

**Какого числа отмечается праздник Наурыз, напрямую связано с движением солнца по небосводу в течение года. Наурыз на день весеннего равноденствия, когда день становится по длительности приблизительно равен ночи. Само слово «наурыз» образовано от двух древнеиранских основ: «ноу» – новый и «роуз» – день.**

Светлый праздник Наурыз как день мира и добра всегда отмечался шумными народными гуляниями, состязаниями в различных спортивных дисциплинах и искусстве, а также обильным угощением. Праздничный стол, накрываемый в этот день, обязательно должен был содержать ритуальное блюдо, обычно из мяса. Так, у казахов таким угощением является «Наурыз коже», которое своим составом символизирует семь элементов жизни, необходимых человеку. В настоящее «Наурыз коже» входят: мясо и жир, вода и соль, мука и злаки, а также молоко. Это кушанье должно было давать особенную силу всем его вкушавшим, а большой котел, в котором готовится «Наурыз коже», символизирует единство.

Традиционным для празднования Наурыза являются конные скачки, состязания в умении держаться в седле и ловкости наездников. Также в этот день проходят многочисленные фестивали национальных культур, на которых лучшие певцы, поэты и музыканты демонстрируют свои способности и умения.

Особенно любит этот праздник молодежь, так как в этот день можно шумно веселиться, общаться, знакомиться, кататься на качелях, танцевать, играть в национальные игры.

**Цзен ШУЙЮЙ,**

*переводческое дело;*

*Эдвайзер Жұлдызай КУНБАЙ*





# ҚАЗАҚТЫҢ ТЕКТИ ЖІГІТ, АРЛЫ ҚЫЗЫ...

## «Ұйқышар» мен «Селтеткізер» салты жайында

**Б**ойына ар мен әдебин, намыс пен жігерін сіңіріп өскен әрбір қазақ үшін күн мен түннің теңдiлi, Самарқанның көк тасы жiбiтiн, ақ түйенiң қарыны жарылып, ұлан асыр той жасайтын, жұрт жақсылыққа кенелетiн Ұлыстың ұлы күнi бағзы уақыттан маңызды. Бірзығы мол, ырысы көп, көңiлiңнiң байыз тауып, ынта мен жігерiң еселенетiн елеулi күн жүрек түпкiрiне мейiрiм сәулесiн шашып, алысты жақын ететiн жаңашылдықтың бастауы.

Наурыз айының 21-22 ауған түнi қасиеттi қара топырағымызға қыдырдың қуаты дарып, көңiл көкжиегiмiздiң кеңейетiнi, аузымыз аққа тиiп, байыз табатынымыз хақ. Еңбектеген сәбиден, еңкейген қарияға дейiн жанымызды тыныштық билеп, қуаныш пен шаттыққа бөленетiнiмiз тағы бар. Әсте, қазақтың өмiрiнде ерекше маңызға ие мерекенi жастар қауымы асыға, ынта-жiгермен күтетiнi жасырын емес. Себебi, бұл мезгiл тәрбиесi мен тәлiмiннен айырылмаған бойжеткендер мен бозбалалардың жүрек қылындағы нәзiк сезiмдерiнiң қозғаушысы iспеттес. Ескi күнтiзбе бойынша 21 наурыз күнi Ғашықтар күнi есбiнде болған. Салтымызда



айна-тарак, күмiс жүзiк пен иiс май сыйласа, қыздар соғымға қалған еттi уызға пiсiрiп дайындаған. Екi жас осынау Ұлыстың ұлы күнiнде мәнгi бiрге болуға серттескен. Ал, дәл осы күнi құрылған шанырақ берiк болады деген де пiкiрлер бар. Бiздiң заманымызда бұл дәстүр сәл кенжелеп қалғанымен, жастар тарапынан ендi-ендi қолдау тауып келе жатқанын байқауға болады. Соның көрiнiсi ретiнде бiрқатар студенттердiң жағымды пiкiрлерiн назарларыңызға ұсынамыз.

ауыл жастары жиналып, ойын-сауық құрып, наурыз таңын күткен деседi. Осы шақта, көңiлi қалаған қыз баласына жiгiттер тарапынан «Селтеткiзер» салты жасалып, пәктiк пен жастықтың, әдемiлiк пен нәзiктiктiң, имандылық пен инабаттылықтың белгiсi ретiнде сый тарту етсе, серiсiнiң сезiмiн қабылдағанын бiлдiру ниетiнде арулар «Ұйқышар» әзiрлеп, бiр-бiрiне iзеттiлiк танытқан. Әдетте, ерлер

### Селтеткiзер



Ерболат ҚАНАТ,  
қазақ филологиясы 1-курс студенті

Ұйқыдағы оянып бар адамзат, Селт еткен әлем құтқа кенеледi. Тiс қағысқан адамдар төс қағысып, Әз-Наурызда күн мен түн теңеледi.

Тон боп қатқан қара жер бусанады, Мүз боп қатқан өзендер сылдырайды. Құмқа шыққан қара тал бүршiк атып, Қырға шыққан шешек гүл құлпырады.

Атам төлiн түгендеп жаңа туған, Әжелерiм мамықтан көрпе түзер. Апатайым қайнатқан астың исi Ұйқыдағы ауылды селт еткiзер.

Әжемнiң жаулығындай желбiреген, Киiз үйлер тiзiлер қырдан қатар. Бозбала мен бойжеткен сауық құрып, Алтыбақан аясын думандатар.

Қып-қызыл орамалын шешпейтұғын Келiн жүрер әр iске тастай батып. Қазаның көтерiп ап аналар жүр, Жетi түрлi тағамнан ас қайнатып.

Мың бұралған сұлулар биiн билеп, Домбырадан әсем күй ойналады. Басқа елдi бiлмейiм, бiздiң жақта Селтеткiзер осылай тойланады.

### НАУРЫЗ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

Наурыз - жыл басы. Парсы тiлiнде "нау" - "жаңа", "руз" - "күн" деген ұғымдарды бiлдiредi. Халық наурыз мерекесiне алдын - ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуiне дейiн айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл - тоқшылықтың белгiсi. Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрiнедi. Бұл күнi бұлақтар газартылып, ағаштар отырғызылған. "Бұлақ көрсен, көзiн аш!", "Бiр тал кессен, он тал ек!", деген сөз осыдан шыққан болу керек. Наурыз - достық, еңбек, бейбiтшiлiк мерекесi. Ұлыстың ұлы күнi адамдар бiр-бiрiне деген ренiшiн ұмытып өзiне де, өзгеге де жақсылық тiлеген. Дастарқанның басты асы наурызкөже болған. Наурызкөже жетi түрлi тағамнан жасалған. "Наурыз көженi тойып iшу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!" деген сенiм бар. Дастарқан басында жастар үлкендердiң батасын алған. Бата - үлкендердiң өзiнен жасы кiшiлерге беретiн ықыласты тiлегi. Ақсақалдар: "Ұлыс он болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!" - деп бата бередi.

Дилар ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ,  
журналистика факультетiнiң студентi

### НАУРЫЗ КӨЖЕ ҚАЛАЙ ЖАСАЛАДЫ?

Наурыз мерекесi жақындаған сайын әрбiр отбасы Наурыз көже жасауды мiндетiм деп санайды. Тiптi бiлмейтiн жас жеңгелерiмiз үлкен адамдардан ақыл-кеңес сұрап, Наурыз көжеге не қосу керектiгiн саралап жатады. Осы тұрғыда мен де өз әжемнен Наурыз көженi қалай жасау керектiгiн сұрадым. Ол үшiн ең алдымен қазан толы сүтiңiздi қайнатып, сүт пiскеннен кейiн оның бетiндегi қаймағын қалқып алып тастайсыз. Сүт әбден пiсуге тақаған кезде, қыс бойы сақтаған сүрiңiздi салып жiберiп, 15 минуттай бетiн жауып қоясыз. Аталған уақыт өткеннен кейiн жеке ыдысқа пiсiрiп алған бидай, жүгерi, тары, асбұршақ, күрiш тәрiздi қоректiк заттардың жетi түрiн сүт пен етке араластырып тағы бiр қайнатып аласыз. Егер Наурыз көже қоймалжын болып кетсе, оған су қосуға болмайды. Тек айран қосып сұйылтып қонақтарға беруге болады.

Дана БОЛЫС,  
география және табиғатты пайдалану факультетiнiң студентi

## ВЕСЕННИЙ ФЕСТИВАЛЬ

**Весна в Казахстане сказочно красива. Бескрайние степи, горы Тянь-Шаня, покрытые вечным снегом, буйство зелени и ароматы первых цветов наполняют энергией на весь день.**

Именно в это время года в КазНУ им.аль-Фараби ежегодно проводится красочный фестиваль «Наурыз». По всему университетскому городку устанавливаются большие юрты, представляющие 16 факультетов вуза. Интересно, что располагаются юрты в форме цветка, тем самым создавая сказочную картину в кампусе. Весенний праздник отмечают не только студенты и преподаватели, приглашаются дипломаты разных стран. На фестивале в 2017 году во время традиционной посадки саженцев, Генеральный консул Республики Корея в Алматы Чон Сын Мин посадил растение «гибискус». А в 2018 году при участии делегации дипломатов из Кореи состоялось открытие фонтана.



Одним из основных моментов фестиваля является кулинарный конкурс, который проводится между факультетами. Столы в юртах изобилуют разнообразными блюдами национальной кухни: наурыз коже, курт и иримшик, закуски из говядины и конины, а также плов, похожий на корейский жареный рис, аппетитная выпечка, фрукты. Оценивает блюда руководство университета, дегустирует и поощряет сотрудников факультета. Возле юрт устанавливается специальный танцпол для профессорско-преподавательского состава

и студентов. Дружба, гармония и понимание царят в этот праздничный день, поскольку люди делятся хорошим настроением.

Еще одной частью фестиваля являются праздничные представления на большой сцене перед Дворцом студентов, где выступают различные студенческие группы с песнями и танцами. В этом году мы снова увидели «цветки-юрты», выстроенные всюду на территории городка, различные приветственные выступления, услышали живую казахскую

музыку, веселый смех...Фестиваль Наурыз символизирует не только начало весны, но и праздник дружбы и гармонии. Надеемся, что он продолжит жить в судьбе казахского народа, несмотря на то, что в Казахстане быстрыми темпами развивается урбанизация и индустриализация.

Ли Бёнг Джо,  
Ph.D, приглашённый профессор кафедры Дальнего Востока

### Ұйқышар



Нұрай АЙТУ,  
қазақ филологиясы 1-курс студенті

Күн ұзарды—  
Түн кепiл.  
Түн қысқарды—күн кепiл.  
Бiр-бiрiмен теңестi.  
Дәл осы күн адамды  
Селт еткiзбесiне кiм кепiл?!

Ұзақ уақыт аңсаған  
Наурыз тойы құт болсын!  
Төрт түлiгiң төлдесе,  
Бiреу емес жұп болсын!

Ақ дастархан аққа толсын,  
Басымызға бақ қонсын.  
Бiлгенiмiз көп болсын  
Мiнгенiмiз тақ болсын.

Болса болсын көйлектер көк,  
Көргенiмiз тыныштық.  
Наурыз бiздiң ұғымдағы  
Мейрам болсын тым ыстық.

**В КазНУ имени аль-Фараби большое значение придается международному обмену, повышению квалификации, творческому росту студентов и преподавателей. Одним из направлений является предоставление возможности обучения студентов за рубежом по программе академической мобильности, которая предусматривает 120 дней обучения в иностранном вузе, с которым есть партнерское соглашение.**

## УРОКИ В САЛЕНТО



Университет Саленто начинает свою историю с 1955 года и входит в число сорока лучших вузов Италии. В Саленто обучается свыше 24 тысяч студентов. По прибытии все

студенты получают в подарок набор Welcome Bag и Универсальный путеводитель для студентов.

Как рассказывает Нуржан, обучение проходило очень интересно. За указанный период им были освоены сложнейшие дисциплины, такие как клеточная биотехнология, физико-химические методы в биотехнологии, взаимодействие клеток с биоматериалами.

Студенты освоили техники Ленгмюра-Блоджетт, угловой микроскопии Брюстера, полимеризационная микроскопия, клонирование линии клеток, также прошли практические работы с общедоступными базами липидов и протеомов. Поездка была полезной в аспекте освоения ключевых технологий в области как современной прикладной, так и современной фундаментальной биологии.

**Айжан ЖУСУПОВА,**  
старший преподаватель кафедры  
молекулярной биологии и генетики,  
**Нуржан ОМИРБЕК,**  
студент 4-курса специальности «Биология»

В рамках данной программы студенты III курса специальности «Биотехнология» Айым Абдыкаримқызы, Жаудир Агадил, Молдир Жаксылык и студент IV курса (специальность «Биология») Омирбек Нуржан обучались в Университете Саленто в итальянском городе Лечче. По красоте зданий Лечче считается столицей барокко, является центром сельскохозяйственной отрасли, в округе производят оливковое масло, вино и выращивают злаки.

## Кемел келешекке СЕҢІМДІ ҚАДАМ

**Елбасының жастарды ерекше атап өтуі, жастардың бойына ұлттық намыспен, ертеңіне жауапкершілікпен қарайтын ұлттың қалыптасуына негіз болары сөзсіз.**

Ең алғаш осы Жолдауды оқығанымда, мен үшін айрықша толғаныс тудырған тың жаналық-2019 жылды "Жастар жылы" деп жариялауы болды. Келешек—біздікі, ұлтымыздың сенер ертеңі—біз. Жастарға артар үміт те, сенім мен жауапкершілік те үлкен. Сондықтан да, Елбасымыздың сөзімен айтар болсақ, біз, жастар, еліміздің бүгінгі мен ертеңін ойлар, елімізді шет мемлекеттермен терезесі тең, рухани құндылығы мол ұлт болып қалануына, Отанымызда жүзеге асырылып жатқан барлық үдерістерге белсене атсалысу керек. Жастар-ұлтымыздың кемел болашағы. Елбасы жастардың бүгінгі мен болашағына камқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні деп санайды.

Ал «Жастар жылында» не атқарылуы тиіс? Қандай бастамаларға назар аударған жөн?

Нақтырақ айтар болсақ, ұлтымыздың ертеңі болғандықтан, жастарға кең мүмкіндік берілуі тиіс деп санаймын. Халқымызда «Бүгінгі жас-ертеңгі ел ағасы» деген накыл сөз бар. Осы накылдың төркініне баратын болсақ, бүгінгі жас ұрпақтың ертеңгі күні-ұлтымыздың енесін асқақтататын, еліміздің болашақта тізгінін ұстайтын ел ағаларға айналатынын, ел билігі мен болашағы жастардың қолында

екендігін аңғарамыз. «Ел боламын десен, бесігінді түзе» деп қазақ атамыз бекер айтпаған. Бүгінде жастар саясаты тәуелсіз Қазақстан елінің басты нысанының бірі болып табылады. Сондықтан да елімізде жастарды қоғамдық үрдіске баулу мақсатында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, жүзеге асырылу үшін жағдайлар жасалуда. Жастар саясатын жүзеге асыруда елімізді жаңашылдыққа, өркениеттің дамуына, бәсекеге қабілетті, іргесі биік мемлекет болуына тигізер үлесі орасан зор деп санаймын.

Қазақ жастары-еліміздің ертеңі, кемел болашағы. Ұлт пен ата-бабаларымыздың аманатын арқалаған жас ұрпақты тәрбиелеу-ұлтымызға деген жанашырлықты, тіліміз бен дінімізге деген құрметтілікті көрсетеді. Осыған дейінгі Елбасының қай жолдауын алсақ та, жастарға қатысты жобалар мен алдағы жоспарлар мен бастамалардан хабардар етіп, жастарға ерекше көңіл бөліп келгендігін білеміз. Ендігі еліміздің өркендеуі, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналдыру-біздей жас ұрпақтың қолында!

**Асел ПСИБАЕВА,**  
**Назира ДОСАНОВА,**

филология және әлем тілдері факультеті

## ВИЗИТ В КОРЕЮ

**Делегация преподавателей механико-математического факультета в рамках гранта Министерства образования и науки Республики Казахстан на разработку новых образовательных программ, посетила университеты Кореи.**



Делегация КазНУ - З.Ракишева, О.Каруна, Н.Калиева во главе с деканом факультета Б. Жакебаевым встретилась с учеными лидирующих университетов — Korean Advanced Institute of Science and Technology (KAIST, г. Тэджон) и университета Yonsei (г. Сеул), которые по достоинству оценили образовательные программы Казахстана, разрабатываемые по заказу МОН РК.

В время переговоров иностранные профессора озвучили свои рекомендации по внедрению образовательных программ, которые будут соответствовать высокому конкурентоспособному уровню мировых образовательных программ и дали исчерпывающую информацию по оценке представленных материалов для анализа. Корейскими учеными материалы были оценены положительно.

Вовремя встречи профессора университетов KAIST и Yonsei продемонстрировали свои методологии и поделились опытом по разработке и реализации образовательных программ.

С целью формирования полной картины показательного образовательного процесса были организованы экскурсии в научно-исследовательские лаборатории и центры университетов KAIST и Yonsei.

Воспользовавшись возможностью сотрудники КазНУ предложили управленческому персоналу университетов KAIST и Yonsei тесное сотрудничество в области реализации образовательных программ, ведения научных проектов, совместное руководство магистрантами и докторантами из Казахстана по направлениям механика, транспортные, авиационные технологии, робототехнические системы и математическое моделирование. Также было предложено осуществление программ академической мобильности для профессорско-преподавательского состава и учащихся. В завершение стороны обсудили условия подписания меморандумов о взаимопонимании и сотрудничестве.

**З. РАКИШЕВА,**  
профессор кафедры механики



**Студент медицинского факультета КазНУ Адильбек Мусин на международном турнире «MM Pingvinsek 2019» по плаванию в г. Крань (Словения) завоевал две золотые и две серебряные медалом**

## Адал еңбекке мың алғыс

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ақпараттық технологиялар факультетінің информатика кафедрасының 4-курс студенттерінің ұйымдастыруымен "Алғысым шексіз ұстазыма" атты іс - шара өткізілді.**

Алғыс айту күні – күрделі заманда иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күн.

Сонымен қатар бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды. Әсіресе қиын-қыстау заманында жер аударып келген түрлі ұлт өкілдері шыдамдылық танытып, ерекше қонақжайлылығын көрсеткен қазақ жұртына алғыстарын білдіретін күн. Өткен ғасырдың басында саяси қуғынға ұшыраған мыңдаған адамның отбасылары қазақ жеріне көшіріліп, тағдыр талқысына ұшыраған еді. Сындралы заманда өздері қиналған жергілікті қазақ халқы шетелдіктерді бауырына басып, шаңырақтарына шақырды. Түрлі этнос өкілдері сол кезден бері Қазақстанда тұрақтап, біте қайнасып кетті және олардың қазақ еліне деген алғысы шексіз екеніне күмән жоқ! Сондай жалғасып келе жатқан үрдісті көріп өскен жастардың айналасына, қоғамға, ата-анасымен жақындарына, білім нәрімен сусындатқан ұстаздарына деген алғыстарының күәсі болған информатика кафедрасының ұстаздары шәкірттеріне дән риза.

2018-2019 жылы оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижесінде информатика мамандығының жинаған орташа баллдары 125 пайыз, ал есептеуіш техника және бағдарламалық қамтама мамандығының орташа баллдары 100 пайызда көрсетті. Осындай жетістікке жетуге оқытушылармен қатар студенттердің де еңбегі зор. Мерекелік

кеште сөз сөйлеген студенттердің түлеп ұшқалы отырған ыстық ұялары мен төрт жыл дәріс алған ұстаздарына деген алғысын есту, өлеңдерін тыңдау, көріністерін көрген ұстаздардың да шәкіртке деген алғысы шексіз. «Ұстаздық етпес жалықпас үйретуден балаға» - деген ұлы Абай бабамыз. Жас ұрпақтың санасына сыналап енгізетін тәлім – тәрбие, үлгі - өнеге өлшеусіз. Оқытушылар – жастардың болашағын айқындауға, бүгін еккен дәндеріміздің ертеңгі жеңісті - жемісті күннің кепілі болуына сенімдіміз.

Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл болашақ қоғамды қалыптастырады. Олай болса, мұғалім бақыты – шәкірт құрметі. Ұрпақ тәрбиесі – ұстазға байланысты. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз. Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім - тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт - бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек!

Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Информатика кафедрасының оқытушылары мен профессорлары білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлауға өз үлесін қосатын болады!

**С. АДІЛЖАНОВА,  
Ф. ГУСМАНОВА,**  
*информатика кафедрасының оқытушылары*

## ӨНЕРЛІНІҢ ӨРІСІ КЕҢ

**Қара шаңырағымыз Қазақ ұлттық университетінің жалынды жас студенттеріне арналған барлық мүмкіншіліктерге толы мекен ғой, шіркін! «Көмек» Қоғамдық Қорының ұйымдастыруымен, еріктіліктің «Спорттық» бағыты бойынша университетіміздің факультеттері арасында екі күнге жалғасқан волейбол турнирі өткізілді.**



Турнирде ойынға деген ерекше қабілеттілігімен көзге түскен география және табиғатты пайдалану факультетінің, география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының, кадастр мамандығының I курс студенті Бекмұрат Олжас үздік ойын көрсетіп, 2-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Оның бойына бала күнінен дарыған спортқа деген құлшынысын бірден байқауға болады.

Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес! Дәл осы сөз Олжастың келесі әншілік қырын да танытады. Оның қоңыр дауысты үнімен шырқалған қазақ халқымыздың дәстүрлі әндері әрбір тыңдаушының жүрегіне бірден жетеді. Олжас бұл өнері арқылы да біраз сайыстарға қатысып, өзінің бағын сынап, өнерімен талай халықты тамсандырып жүр.

Салауатты өмір салтын ұстанып, өнерден өрге жүзіп, үнемі өзінің мүмкіндіктерін жан-жақты сынап, тек алға ұмтылатын әрбір шәкірттерімізбен мақтан тұтамыз! Біз Олжасты тек биік белестерден, жетелі жетістіктерімен жеңістің шыңынан көргіміз келеді. Олжастан жаңалыққа жаны құмар, әлем өркениетіне жақын, озық ойлы жастар ретінде үлкен үміт күтеміз. Мұхтар Әуезов атамыз «Жігіт қадірі – өнерімен өлшенер болар» - демекші, барша қазақ жігіттеріне өнер, білім, ғылым, спорт жолында қадірлеріңіз жоғары болсын деп тілек айтқымыз келеді.

**Д. ЕКЕЙБАЕВА,  
Г. АУБАКИРОВА,**  
*география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының оқытушылары*

## «Эверест» қырандары

**Жас біткеннің басым бөлігі ойын десе ішкен асын жерге қойып, көз алмай тамашалайтыны белгілі. Ендеше көз алмай тамашалауға тұрарлық Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультетінің "Эверест" КВН командасын атап өтуге болады.**



Өнерлі студенттеріміз Ибаділде Асфендиярқасым, Жасұлан Танқаман, Елнұр Зұлхарнай, Дәулетхан Жаксылық, Қанат Оспан, Ақжол Болатханұлы өзінің өнерлерімен талай белестерді бағындырып келеді. Университетімізде болып жатқан мәдени іс-шараларға белсене қатысып, оның ішінде көңілді тапқырлар алаңына, яғни КВН-ге баса назар аударып, Астана қаласында өткен республикалық Маусымашар 2019 фестивалінде Республикалық Бірінші лига Жайдарман ойындарына жолдама алып, үздік өнерлерін көрсетіп, университетіміздің намысын қорғап келді. «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ҚБ ұйымдастыруымен биылғы Жастар жылы және ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлының «Айналанды нұрландар» жобасы аясында «Сұңқар кубогы SSP» чемпионатының жартылай финалдық кезеңінде сахна төрінде әдемі әуен, өзекті тақырыптар, жаһандық жаңалықтар, креативті көріністер, ұтқыр жауаптар, саяси білім мен сапалы ойын көрсетіп, финалға жолдама алды. Сонымен қатар,

«АЭЖБу» ректоры кубогының ойындарына қатысып, "Үздік әзіл" номинациясын иеленіп, «Student life» финалистері, Тұран ректор кубогының Чемпиондары сынды бірнеше жүлдені қанжығаға байлады. Бұл жауапкершілігі мол үздіксіз ізденіс пен тынымсыз еңбек нәтижесінде келген жетелі жетістік деп білеміз. «Эверест» КВН құрама командасының әрбір ойыншысы факультетіміздің намысын қорғап, университетімізде көпшіліктің көңілінен шығып, белсенді түрде жұмыс жасап, өз өнерлерін паш етті және басқа студенттерге үлгі бола алды деген ойдамыз.

**Айгүл ТОКБЕРГЕНОВА,**  
*география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша орынбасары;*  
**Д. ЕКЕЙБАЕВА,**  
*кафедра оқытушысы*

## Ғылым ордасындағы «Табиғат музейі»

**Археология және этнология, Музей ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығының 3-курс студенттері «Музеология» үйірмесінің жетекшісі, әрі кураторы Баудиярова Құралай Батырбекқызының ұйымдастыруымен Алматы қаласындағы көрнекті орындардың бірі «Ғылым Ордасындағы-Табиғат мұражайына» саяхаттап қайттық.**

Музейде 1912 жылы мүйізтұмсықтың сүлдесі табылғаннан бастап он шақты ғылыми жаңалықтар ашылды, олар Қазақстанға палеонтологиялық зерттеуге арналған ерекше мемлекет деген атақ алып келді. Торғай, Зайсан ойпаттарында және Орталық Қазақстанда 1948-1957 жылдары палеонтолог ғалымдармен және геологтармен жинастырған бұл ежелгі тарихилыққа дейінгі жануарлардың сүйектерінің жинақтамасы мұражайдың ашылуына басты себеп болды.

Мұражайдың басты мақсаты - қарапайым жәндіктен жоғары ұйымдасқан жаратылыстарға дейінгі ежелгі геологиялық дәуірден біздің заманымызға дейінгі Қазақстанның жануарлар әлемін кеңінен таныту. Палеонтологиялық экспозиция Қазақстанның геологиялық өткен тарихының жануарлар әлемінің сан алуандығы мен байлығын айқындайды және басым бөлігі Қазақстан аумағында жиналған жануарлардың

қанқалары мен сүйектерінен құралған.

Бұл мұражай ғылыми оқу және табиғатты қорғау бағытының арқасында мұражай тек республика көлемінде емес, одан тыс жерлерге де мәлім болды. Сонымен бірге мұнда мамандар үшін машықтану және студенттер үшін арнайы курс бойынша тарихи геология мен ежелгі жануарлар, гельминтология және паразитология, табиғатты қорғау мәселелеріне қатысты сабақтар жүргізіледі. Жалпы мұражайда жүргізілетін экскурсиялардың әр түрлі жастағы келушілердің білім деңгейін көтеруде оқу-ағартушылық маңызы зор болып табылады.

**Дана БЕЛИБАЕВА,**  
*музей ісі және ескерткіштерді қорғау мамандығының 3 курс студенті*

# «СТУДЕНТТІК КӨКТЕМ-2019»



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**  
**Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**  
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында  
басылды.

**Бағасы келісім бойынша.**  
**Таралымы 1000 дана**  
**Тапсырыс: №432**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.